



Алтын Орда

Ұлыстардың құрылуы.

Ұлыс – ел деген мағынаны білдіреді. Шыңғыс хан жаулап алған жерлерін өзінің 4 баласына бөліп берді. Қазақстан жері оның 3 баласының қол астына қарады. Бөліп берілген жерлер ұлыс деп аталды.

Ұлыстардың құрылуы

Жошы

Шағатай

Үгедей

Төле

Жерлері

Шығыс Дешті
қыпшақ жері,

Арал, Сырдарияның
төменгі ағысы

Оңтүстік және
Оңтүстік

Шығыс Қазақстан
Жетісу аймағы

Батыс Монғолия
мен Алтай,
Тарбағатай,
Ертістің жоғарғы
ағысы

Монғолия
жері

Алтын орданың қоғамдық құрылымы.

- • Ордада ұлыстық жүйе қалыптасып, Батый хан тұсында мемлекет екіге бөлінді:
 - ▶ Оң қанат - Батый хан билігі.
 - ▶ Сол қанат - Орда Ежен хан билігі (Жошының үлкен баласы).
 - Қазақстан жерінің көп бөлігі сол қанат құрамына енді. Басқару құрылымы:
 - Сұлтандар - ханнан кейінгі әлеуметтік басқарудың ең жоғарғы тобы.
 - Құрылтай - ақсүйектердің жалпы империялық жиналысы. Құрылтайда хан жариялау және таққа отырғызу рәсімдері жасалды.
 - Диуан - ең жоғарғы атқарушы орган. Қаржы, салық мәселесін, мемлекеттің ішкі істерін атқарды.
 - Беклербек - әскери істерді басқарушы.
 - Уәзір - азаматтық істі басқарушы
 - Мәлік - азаматтық басқару билігін жүргізушілер (түрік әулетінен).
 - Даруғалар - салық жинады, халық санағын өткізіп, әскер жинады, байланыс қатынасын ұйымдастырды.
 - Басқақтар - басқару қызметін атқарды, әскери бақылау жүргізді, салық жинады.
 - Білікшілер, хатшылар - іс қағаздарын жазушылар
 - Нояндар, бектер, әмірлер, баһадүрлер - әскербасылар.
- Алтын Орда хандары ислам дінін қабылдағаннан кейін іс жүргізу жұмыстарын түрік (ұйғыр) жазуымен жүргізді.
- XIV ғ. - Алтын Орда мұсылмандық мемлекетке айнала бастады.

Феодалдық жер иелену түрлері.

- Инжу – Шыңғыс әулетінен шыққан билеушілерге берілетін үлестік жер.
- Сойырғал - әскер немесе азаматтық қызмет атқарғаны үшін шартты түрде сыйға берілген үлестік жер.
- Вакф – Мұсылман дінбасыларының жері
- Мильк – Жер иеленудің жеке меншік түрі.
- Тархандық құқық – үлестік жер иелерінің мемлекет пайдасына жиналатын салықтан босатылып, өз пайдасына салық жинауы.
- Тағар - әскерді азық-түлікпен қамтамасыз ету үшін жиналатын егін және мал салығы.
- Ұшыр – мал салығы
- Харадж – егіншілерден жиналатын салық
- Зекет – дін басыларына берілетін мал салығы, қолөнершілер мен
- Саудагерлерге де салынады
- Аваиз – төтенше салық
- Әскери міндеткерлік – 10 түтіннен 1 жауынгер алынады.

Алтын орданың гүлденуі мен ыдырауы.

- XIII-XIV ғ.-да Алтын Орда күшті мемлекет болды.
- Батый хан тұсында (1227-1255) Алтын орда Моңғол империясына тәуелді болды.
- Берке хан (1257- 1267) тұсында тәуелсіздігін жариялады.
- Мөңке хан (1267-1280) өз атынан теңге шығарды.
- 1260ж. – Моңғол империясы бірнеше тәуелсіз ұлыстарға ыдырады.
- XIV ғ.- ң бірінші жартысында Өзбек (1312-1342) және Жәнібек (1342-1357) хандар тұсында мемлекет күшейді. Батыс Еуропамен, Кіші Азия, Египет, Үндістан, Қытаймен сауда қатынасы дамыды.
- 1312 - Өзбек хан исламды мемлекеттік дін етіп жариялады.
- 50 ж.-дың ортасында Жәнібек ханды үлкен баласы Бердібек өлтіргеннен кейін “ұлы дүрбелең” басталды.
- 1357-1380 жж 25 хан ауысты
- 1380ж Куликова шайқасында түменбасы Мамай әскері Дмитрий Донской әскерінен жеңілді.
- Тоқтамыс(1380-1395) осыны пайдаланып хан болды.
- 1382 ж. Мәскеуді өртеді.
- 1389,1391,1395ж. Әмір Темір шабуылдап Алтын Орда әлсіреді.

Алтын Орданың күйреуінің себептері:

- - Билік үшін өзара қырқыстар
- - Әмір Темірдің жаугершілік соғыстары
- - Халық көтерілістері
- - Ұлыстардың дербестікке ұмтылуы